

## Қазақстан Республикасы Үкіметі резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қыркүйектегі N 774 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне 2007 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға көзделген резервінен»"Достық", "Қорғас - Шығыс қақпасы", "Қазақстанның Батыс қақпасы", "Тобыл" арнайы экономикалық аймақтарын және»" Алматы - Жиназ" индустриялық аймағын құрудың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуге 149000000 (бір жүз қырық тоғыз миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*